



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Дауларды бейбіт жолмен шешу  
1-бөлім





Халықаралық құқықтың негізгі түпкі мақсаты – қашанда бейбітшілікті сақтау екенін ұдайы ескерген жөн. О баста, этикалық мәселелерге байланысты пайда болып, дамыған халықаралық құқық тарихта әрқашан халықаралық қауымдастықтың әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздік орнату және сақтау құралы болған, солай болады деп те үміттенеміз. Жалпы, қақтығыстарды, дауларды шешудің тәсілдері негізінен екіге бөлінеді: дипломатиялық тәсіл және сотқа жүгіну. Қарсы тараптардың келіспеушілікті өз беттерінше немесе үшінші тараптың көмегімен айғақтарды анықтай отырып, мәселені талқылау арқылы шешуі дипломатиялық тәсілге жатады. Ал сот процедураларында бейтарап үшінші тараптың арбитраждық немесе сот органдарының шешіміне қатысты құқықтық және айғақтық көзқарас білдіруі талап етіледі. Дегенмен мемлекеттер өзара келіспеушілікті дереу шешуге міндетті емес. Тіпті ауыр қақтығыстар мен перифериялық саяси келіспеушілік туындаса да солай. Дауды шешудің кез келген тәсілі дауласқан тараптар келісім берген соң ғана қолданылады. Осының бәрі халықаралық және муниципалдық құқық жүйесіндегі соттардың әртүрлі болуының және әлемдік қауымдастықта тұрақты және орталық билік жоқтығының салдары.

Дауларды бейбіт жолмен шешу тетіктерін қолдану үшін әуелі дау шығуы керек. Халықаралық сот дау ұғымына анықтама беруге тырысты, бірақ Халықаралық тұрақты сот *Mavrommatis Palestine Concessions (Jurisdiction)* ісінде дау ұғымына анықтама беру үшін қажетті негізгі белгілер «құқық пен факт мәселесі бойынша келіспеушілік, құқықтық көзқарастар арасындағы қақтығыс немесе екі жеке тұлға мүдделері арасындағы кереғарлық» болуға тиіс деп тұжырымдады. Даулар кейде құқықтық және саяси даулар, сот қарайтын және сот қарамайтын даулар болып бөлінеді.

Тағы бір ескеретін жәйт, қандай да бір дауды құқықтық немесе саяси дау деп атау үшін нақты даудың жағдайын, тараптардың осы іске көзқарасын зерттеп, тараптардың көзқарасын негіздеп отырған айғақтарын зерделеу қажет. Бұл мәселелерге үңілмей тұрып объективті шешім қабылдау қиынға түседі. Бірақ бұл дауларды құқықтық тәртіппен шешу мен саяси тәртіппен шешудің арасында айырмашылық жоқ дегенді білдірмейді. Біріншіден, нағыз құқықтық көзқарас тек нақты нормаларға сүйенеді, ал саяси көзқарас саяси техникалардың сан алуан түріне негізделуі мүмкін. Сондай-ақ саяси және құқықтық көзқарастар екеуі бірдей нәрсемен айналыса бермейді.

Мемлекетаралық дауларға саяси ықпалдың рөлі өте маңызды екені айтпаса да түсінікті. Ондай дауларды реттеу жолдарының көпшілігін халықаралық саяси тұрғыдан қарастырғанда ғана түсінуге болады. Сонымен бірге мемлекеттің сол дауды шешу үшін қолданып отырған тәсілі саяси факторларға байланысты. Мысалы, дау аса маңызды мемлекеттік мүддеге қатысты болса, мемлекеттің мәселені реттеуді үшінші мемлекетке тапсыратын кезі өте сирек кездеседі.

БҰҰ Жарғысының 2(3)-бабында былай делінген: «Ұйым мүшелері халықаралық дауларды халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті және әділдікті сақтай отырып, бейбіт тәсілмен шешеді».

Мемлекеттер арасындағы достық қатынас пен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқық қағидаларының 1970 жылғы декларациясында аталған қағидатты атай келе, былай делінген: «мемлекеттер халықаралық дауларды келіссөз, бітімгершілік, арбитраж, сот, аймақтық ұйымдар мен келісімдерге жүгіну, басқа да дауды шешудің бейбіт жолдары арқылы жедел және әділ жолмен шешуге тиіс».

Декларацияға сәйкес тараптар дауды жедел және әділ шешу үшін даудың мән-жайы мен сипатына байланысты мейлінше бейбіт жолды таңдайды. Сондықтан қандай да бір дауды шешуде бейбіт жолдардың иерархиясы жоқ деуге болады. Тараптар дауды шешудің жолын еркін таңдай алады. Бірқатар халықаралық келісімдерде, соның ішінде Америка мемлекеттік ұйымдары 1948 жылы қабылдаған Дауларды бейбіт жолмен реттеу туралы Америка шартында (Богота пакті); 1957 жылғы Дауларды бейбіт жолмен шешу туралы Еуропа конвенциясында; 1975 жылғы Еуропаның қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы туралы Хельсинки конференциясының қорытынды актісінде дәл солай айтылған. Сонымен бірге дауды шешудің бір тәсілі жүзеге аспай қалса, дауға қатысушы тараптар өзара келісе отырып, дауды басқа тәсілдер арқылы шешуге міндетті.



## Дауларды шешудің дипломатиялық тәсілдері

### Келіссөздер

Дауларды шешудің ең жиі қолданылатын әрі ең қарапайым жолы – келіссөз жүргізу, яғни келіссөз барысында тараптар бір-бірінің пікірлерін тыңдап, көзқарастарын біліп, туындаған дауды бірге талқылайды. Келіссөзге үшінші тарап араласпайды, дауды шешудің басқа тәсілдерінен оның ерекшелігі осы. Келіссөз – өте белсенді тәсіл, әдетте тараптар дауды өз беттерінше шешу үшін басқа тәсілдерден бұрын келіссөзді қолданады. Келіссөз мәселені шеше алмаса да, тым болмағанда, келіспеушіліктің мән-жайын анықтап бере алады. Мәселені талқылау барысында келіспеушіліктің негіздері анықталып, қарама-қарсы пікірлер айтылады. Әрине, келіссөз әрдайым жемісті бола бермейді, себебі оның нәтижесі тараптардың ниетіне, тілегіне сай келмеуі мүмкін.

Халықаралық сот келіссөздің наразылық білдіруден өзгешелігі, бұл жерде келіссөз жасаушылардың шынайы ниеті мен дауды шешуге ұмтылысы болуы тиіс деп атап өтті. Кейде келіссөзге қатысу міндеті екіжақты немесе көпжақты келісімдер негізінде пайда болады. Мысалы, 1982 жылғы Теңіз құқықтары туралы конвенцияның 283(1)-бабында тараптар арасында осы конвенцияның нормаларына қатысты дау туған кезде «дауға қатысушы тараптар дауды шешу үшін келіссөз бен басқа да бейбіт тәсілдер арқылы жедел пікір алмасуды бастауға тиіс» деп жазылған. Сөзімізді айқындау үшін бірнеше мысал келтіре кетейік:

Халықаралық сот North Sea Continental Shelf ісінде: «Тараптар келіссөзді қарапайым бастапқы шара ретінде ресми түрде өткізу үшін емес, жемісті нәтижеге қол жеткізу үшін жүргізуге тиіс... Тараптар келіссөзді мәнді болатындай етіп жүргізеді және тараптар қарсы тараптың пікірін ескеріп, өз ұстанымына өзгеріс енгізуге тиіс» деп мәлімдеді. Ал German External Debts ісін қараған кезде сот келіссөз жүргізу туралы келісім келіссөздің нәтижесінде қандай да бір ортақ шешімге келуге міндеттей алмаса да, «шешім қабылдауға ықпалы бар екені сөзсіз» деп ескертеді. Lac Lanoux ісінде сот «екі мемлекеттің арасындағы кеңесу мен келіссөз шынайы болуға тиіс, адалдық пен әділеттілік нормаларына лайықты, жай пішіндік сипатта ғана болмауы қажет» деген пікірін айтып, тараптарды соған сай болуға шақырады. Адалдық пен әділеттілік нормасы бұзылуының мысалдары бірнеше, мысалы келіссөзді орынсыз бұзу, себепсіз кейінге қалдыру, ұсыныстарды қарастыруды үнемі шегере бер, орынсыз мүдде көздеу.

### Ізгі қызмет пен делдалдық

Ізгі қызмет пен делдалдықты (немесе медиацияны) пайдалану дегеніміз – үшінші тараптың араласып, дауласушы тараптарды келісімге, мәмілеге келуге шақыруы. Бұл жердегі үшінші тараптың рөлінде жеке тұлға немесе бір топ жеке тұлға, тұтас мемлекет немесе мемлекеттер тобы, әлде халықаралық ұйым болуы да мүмкін.

Ізгі қызмет пен делдалдықтың арбитраж бен сот процестерінен айырмашылығы – тараптардың дау бойынша белгілі бір мерзім ішінде келісімге келуі талап етіледі. Сондай-ақ дауды шешудің нормаларын таңдауға еркіндік беріледі. Ізгі қызметте үшінші тарап дауласушы тараптарды келіссөз жүргізу барысында әсер етуге тырысса, делдалдықта келіссөзге өзі де белсенді, тікелей араласады. Шындығында, осы екі ұғымның аражігін айыру әдетте қиын. Себебі ондай істер бір-біріне ұқсас келеді. Ізгі қызмет тәсілінің мысалы көп. Мысалы, АҚШ президенті Ресей–Жапон соғысының қорытындысын жасауға көмектескен. Сондай-ақ КСРО 1965 жылы Үндістан мен Пәкістан арасындағы дауды шешуге атсалысты. Ал, Франция 1970 жылдардың басында Парижде АҚШ пен Солтүстік Вьетнам келіссөзін бастауға көмектесті.

Ізгі қызмет көрсетуге кейде БҰҰ Бас хатшысы да араласады. Мысал ретінде 1988 жылы Ауғанстандағы соғысты тоқтатуға қатысты істі атауға болады. 1988 жылғы Женева келісінде БҰҰ Бас хатшысының ізгі қызмет көрсеткені айтылған. Сондай-ақ Бас хатшы ізгі қызметті аймақтық ұйымдардың басшыларымен бірігіп те жасай алады. БҰҰ Бас хатшысы өзінің Қақтығыстарға жол бермеу туралы 2015 жылғы баяндамасында БҰҰ-ның «ізгі қызметті», алғашқы дипломатиялық және делдалдық жұмыстарды басқаратыны мен осы салада көп



жұмыс атқарғаны, тіпті «БҰҰ-ның өзі де осы мақсатта құрылғанын» айтты. Жалпы, БҰҰ мен аймақтық және субаймақтық ұйымдардың делдалдықтағы рөлі уақыт өткен сайын артып келеді.

1899 және 1907 жылғы Гаага конвенцияларында осы екі процесті жүргізудің, яғни делдалдық пен ізгі қызмет көрсетудің бірқатар нормалары келтірілген. Бұл конвенцияларда шартқа қатысушы тараптар тіпті соғыс кезінде де ізгі қызмет көрсете алатыны және делдал бола алатыны айтылған. Олардың осы құқықтарды жүзеге асыруын дауласушы тараптар дұшпандық ниетке баламауға тиіс. Сонымен қатар бұл екі процесс те міндетті еместігі атап көрсетілген.

## Сауал жүргізу

Егер тараптардың арасында туындаған дау нақты мәселеге қатысты болса, онда дауды шешудің логикалық жолы сауал жүргізу болып есептеледі. Сауалды даудың негізін анықтауды мақсат тұтқан беделді бақылаушылар жүргізеді. Ондай сауалдар туралы норма алғаш рет 1899 жылғы Гаага конвенциясында арбитражға балама тәсіл ретінде бекітілген. Дегенмен сауал жүргізу техникасы шектеулі. Ол тек халықаралық дауларда ғана қолданылады. Керісінше, тараптардың абыройы мен аса маңызды мүдделеріне қатысты сауал жүргізілмейді, қақтығысушы тараптар адал және әділ тергеуді талап еткен кезде қолданылмайды.

Сауал жүргізу 1904 жылы Dogger Bank оқиғасында сәтті қолданылды. Бұл оқиға кезінде Ресейдің әскери-теңіз кемесі Британияның балық аулаушы қайығына Жапонияның торпеда кемесі деп ойлап, оқ жаудырған болатын. Оқиғаны бейбіт жолмен шешу үшін Гаага конвенцияларының нормалары қолданылып, арнайы халықаралық комиссия құрылды. Комиссияның мәселені бейбіт жолмен шешілуіне қосқан үлесі зор болды. Осыдан кейін сауал жүргізу тәсілі кеңінен қолдау тапты. Мысалы, АҚШ-тың 1913–1940 жылдар аралығында жасаған 48 екіжақты шартында дау туындай қалса, сауал жүргізу комиссиясын құру туралы норма енгізілген. Бұл келісімдер «Брайан шарттары» деген атаумен белгілі. Дегенмен 1907 жылғы Гаага конвенциясында аталған сауал жүргізу комиссиясын құру іс жүзінде сирек қолданылады. Бұл тәсіл 1962 жылғы Red Crusader оқиғасы бойынша екінші рет қолданылды. Британия траулері мен Данияның балық қорғаушы кемесінің арасында болған бұл оқиғаға Британия фрегаты да араласқан. Дау туындауына нақты факті болса да, бұл жерде құқықтық сипат басым болды. Сауал жүргізу комиссиясы мүшелерінің басым көпшілігін заңгерлер құрағандықтан, комиссияның отырысы соттың отырысына ұқсап кетті. Сонымен бірге комиссияның баяндамасында құқықтық айғақтарға көбірек мән берілді. Дания кемесінің Британия траулерін заңсыз балық аулап жүр деп күдіктеніп, тоқтату үшін оқ атуы «қарулы күшті заңды түрде қолдану» деп бағаланды. Ал, Letelier and Moffitt ісінде қабылданған шешім бүгінге дейін Брайан шарттары бойынша қабылданған жалғыз-ақ шешім болып отыр. Бұл істе АҚШ пен Чили мемлекеттері құрған комиссия АҚШ-тың Колумбия округіндегі Вашингтон қаласында жасалған кісі өлтіру қылмысы үшін Чили төлейтін өтемақының көлемін анықтауға тиіс еді. Комиссияның 1992 жылы қаңтар айында қабылдаған шешімі істі қарауға қажетті нақты айғақтарды табудан гөрі арбитраждың отырысына көбірек ұқсап кетті.

Сауал жүргізу тәсілі БҰҰ-ның және мамандандырылған агенттіктердің жұмысында әлдеқайда жиі қолданыла бастады. Бірақ бұл жерде сауал жүргізу дауды реттеу барысында негізгі айғақтарды анықтау үшін қолданылатын басқа процестердің құрамдас бөлшегі ретінде ғана қолданылады. 1907 жылғы Гаага конвенциясында аталғандай, сауал жүргізудің дербес тергеу тәсілі ретінде қолданылмай жүргенінің де себебі осы болуы керек.

## Бітімгершілік

Бітімгершілік процесі де дауға негіз болған мәселе туралы тергеу жүргізу және дауды шешу мақсатындағы ұсыныстар туралы баяндама жасау үшін үшінші тараптың қатысуына мүмкіндік береді. Демек, бітімгершілікке сауал жүргізу мен делдалдықтың элементтері кіреді.



М. Шоудың пікірінше, бітімгершілік процесінің өзі бастапқыда сауал жүргізу үшін тұрақты комиссия құру идеясынан шыққан. Бітімгершілік баяндамасы тек ұсыныс түрінде жасалады және міндеттеуші күші болмайды. Оның арбитраж шешімінен ерекшелігі – сол.

Екі дүниежүзілік соғыстың арасындағы кезеңде бітімгершілік комиссиялары көптеп құрылды және көптеген шарттарда бітімгершілік дауды шешу тәсілі ретінде көрсетілді. Бітімгершілік процесінің рөлі маңызды. Бұл икемді тәсіл және фактілерді анықтау мен ұсыныстарды талқылау кезінде тараптардың келіссөз үстеліне отыруына оң ықпал етуі мүмкін.

Бітімгершілік туралы нормалар алғаш рет 1928 жылғы Халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеу туралы Бас заңда айтылды (бұл заң 1949 жылы қайта қаралды). Бітімгершілік комиссиясының қызметіне сауал жүргізу мен делдалдық элементтері кіреді. Бітімгершілік комиссиясы бес мүшеден тұруға тиіс: әр тараптан бір-бірден, қалған үш мүшесі үшінші мемлекеттің азаматтарынан келісе отырып тағайындалады. Комиссия жұмысы алты айға дейін жалғасады және жарияланбайды. Бітімгершілік жұмыс құқықтық жүйелер аралас қолданылған кезде және жедел, бейресми жүргізу үшін қолданылады. Соңғы кездері бітімгершілік процедурасын қолдануды қайта қолға алу туралы жиі айтыла бастады. Бірақ оның қаншалықты тиімді екенін әлі де анықтай түсу керек. Дегенмен бірқатар көпжақты шарттарда бітімгершілік дауды шешу тәсілі ретінде белгіленген. Мысалы, 1948 жылғы Дауды бейбіт жолмен шешу туралы Америка шартында; 1957 жылғы Дауды бейбіт жолмен шешу туралы Еуропа конвенциясында; Африка бірлігі ұйымының (қазіргі Африка одағы) жарғысында қабылданған, 1964 жылғы Делдалдық, бітімгершілік, арбитраж туралы комиссия жөніндегі хаттамада; 1969 жылғы Шарттар құқығы туралы Вена конвенциясында және т.б. салалық, аймақтық сипаттағы шарттарда бітімгершілік нормалар бар.

Бітімгершілік процесі сәтті жүзеге асқан кейстерден бірнеше мысал келтірейік. Бітімгершілік процесі Исландия мен Норвегия арасындағы Исландия мен Жан Майен аралдарының арасында орналасқан құрлық қайраңын делимитациялауға қатысты дауды шешу үшін қолданылды. Даудың барысында қабылданған Бітімгершілік комиссиясын құру туралы келісімде «бұл мәселе – келіссөздердің нысаны әрі комиссия шешімінің ешқандай міндеттеуші күші болмайды», – деп анық айтылды. Бітімгершілік комиссиясы өз міндетін атқару барысында Исландияның осы аймақтағы экономикалық мүддесі мен басқа да факторларды ескеруге, құрлық қайраңын делимитациялау кезіндегі шегараның табиғи түрде жалғасуының маңыздылығына, Исландияның құқықтық мәртебесіне, осы саладағы мемлекеттердің практикалары мен соттардың шешімдеріне назар аударуға тиіс болған. Комиссия ақырында біріккен даму аймағын құруды ұсынды. Егер істі сот қараса, ондай ұсыныс жасауы екіталай еді. Сот тек тараптардың заңды құқықтары негізінде ғана шешім қабылдайды. Басқаша айтқанда, бұл дауда бітімгершілік процесінің икемділігіне көз жеткізілді.

Жалпы, бітімгершілік комиссиясын арнайы шарттарсыз-ақ құруға болады. Мысал ретінде Бас Ассамблеяның 1948 жылғы 194 (III) қарарымен құрылған Палестина жөніндегі бітімгершілік комиссиясын, 1960 жылы құрылған Конго бітімгершілік комиссиясын атауға болады.

Жалпы, «екеудің ортасына есі кеткен түседі» дегенімізбен, халықаралық аренадағы туындаған дауларға – дипломатиялық жолмен араласу кез келген елдің осы саладағы қарымын білдіреді. Мысалы, еліміз тәуелсіздігін алғанына ширек ғасырдан енді асса да, Қазақстан көптеген елдерді дипломатиялық жолмен жарастыруда бірқатар бастама көтеріп, белсенді араласып жүргенін атап өтуіміз қажет. Мысалы, ресми Астана Сириядағы шиеленісі бойынша нейтрал (бейтарап) аймақ ретінде мәселені жан-жақты талқылауға өз алаңын ұсынып жүр. Мұны халықаралық деңгейде Астана процесі деп таниды.

## Сұрақтар

1. Дауларды шешудің қандай санаттары бар және олар несімен ерекшеленеді?
2. Дауларды шешудің әдісі ретінде келіссөздің қандай артықшылықтары бар?
3. Халықаралық дауларды шешудегі келісімнің маңызы қаншалықты?



Кітап: Халықаралық құқық, II

Дәріс: 14. Дауларды бейбіт жолмен шешу. 1-бөлім

---

### Әдебиеттер

1. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М., Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. 16-тақырып.
2. ed. L. Boisson de Chazournes, M. Kohen and J. Vinuales, Diplomatic and Judicial Means of Dispute Settlement, Leiden, 2012.
3. ed. D. French, M. Saul and N. White, International Law and Dispute Settlement: New Problems and Techniques, Oxford, 2010.